

«Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы № 53 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 949 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы № 53 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 2, 27-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету, қорғау, молайту әрі орман өсіру жөніндегі нормалар мен н о р м а т и в т е р д е :

«Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету және қорғау жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған техника мен жабдықтарға тиесілік н о р м а л а р ы » д е г е н 1 - б ө л і м д е :

реттік нөмірі 10-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

«Ранецті бүріккіш, ауа үрлейтін бүріккіш»;

мынадай мазмұндағы 1-1 және 1-2-бөлімдермен толықтырылсын:

«1-1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету және қорғау жөніндегі іс-шараларды орындауға арналған, қамтамасыз етілетін объектілердің және техниканың, байланыс құралдары мен спутниктік навигация аспаптарының тиесілік нормалары

Р/с №	Байланыс құралдарымен және спутниктік навигация аспаптарымен қамтамасыз етілетін объектілер мен техниканың атауы	Байланыс құралдарының атауы			Спутниктік навигация аспаптары
		Тұрақты	Ұтқыр	Ұстап жүретін	

1	Мемлекеттік орман иеленушінің кеңсесі	1	-	-	-
2	Өрт сөндіру-химия станциясы	1	-	-	-
3	Өрт сөндіру машинасы	-	1	-	1
4	Патрульдік машина	-	1	-	1

1-2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды күзету және қорғау жөніндегі іс-шараларды орындайтын қызметкерлері үшін байланыс құралдары мен спутниктік навигация аспаптарының тиесілік нормалары

Р/с №	Байланыс құралдарымен және спутниктік навигация аспаптарымен қамтамасыз етілетін қызметкерлердің атауы	Байланыс құралдарының атауы			Спутниктік навигация аспаптары
		Тұрақты	Ұтқыр	Ұстап жүретін	
1	Орманшы	-	-	1	1
2	Орманшы көмекшісі	-	-	1	-
3	Орман шебері	-	-	1	1
4	Орман күзетшісі (ерекше қорғалатын табиғи аумақтық мемлекеттік инспекторы)	-	-	1	
5	Өрт сөндіру-химия станциясының бастығы	-	-	1	1
6	Орман өрт сөндірушісі	-	-	1	-
7	Радиооператор	-	-	1	-

» ;

мынадай мазмұндағы 3-1-бөліммен толықтырылсын:

«3-1. Орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өрт сөндіру-химия станциялары (ӨХС) қызметкерлері санының нормативтері

Р/с №	Лауазымдар атауы	Қызметкерлер саны	
		1-үлгідегі ӨХС	2-үлгідегі ӨХС
1	Өрт сөндіру-химия станциясының бастығы	1	1
2	Өрт сөндіру машинасының жүргізушісі	1	2
3	Тракторшы-машинист	1	2
4	Радиооператор	1	1
5	Өрт сөндіру машиналарын, жабдықтары мен аппаратурасын жөндеу жөніндегі слесарь	1	1
6	Орман өрт сөндірушісі	4	8

» ;

«Орман қорын қорғау жөніндегі авиациялық жұмыстардың нормативтері»
 деген 5 - б ө л і м д е :
 мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 5 және 6-жолдармен толықтырылсын:

«

5	Қазақтың шағын адырының қатты кеуіп қалған және кеуіп қалған қарағайлы ормандары, байырғы және уақытша қайыңды ормандары мен көктеректі ормандары, жайылмалық ормандары (Қарағанды облысы)	90,3	1 2 3 4 5	- 0 , 2 4 5 0 , 7 4 9 1 , 5 4 4 2,756
6	Сексеуілді және тоғайлы ормандар (Жамбыл облысы)	3283,7	1 2 3 4 5	- 0 , 0 1 2 0 , 0 2 4 0 , 1 1 7 0,462

»;

м ы н а :

«

	Авиациялық күзетуге жататын орман қорының бүкіл көлемі	5495		
--	--	------	--	--

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

	Авиациялық күзетуге жататын орман қорының бүкіл көлемі	8869		
--	--	------	--	--

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
 Премьер-Министрі К.Мәсімов